

F. MYCAXAHOB

## **КРИМИНАЛИСТИКА ЖӘНЕ ОНЫң АДАМ ҚҰҚЫҒЫН САҚТАУ АХУАЛЫНА ҚАТЫСЫ**

А. Ясауи атындағы ХҚТУ

Криминалистика – заң ғылымының жеке саласы, яғни ол адам құқықтарының сақталуын қадағалап-бақылайтын, оның жүзеге асырылуын орындауға тиіс ғылымдардың қатарына жатады. Өйткені криминалистиканың нысаны мен мәні, негізгі қызметі, мақсаты мен міндеттері құқықтық құбылыстарға қатысты жүзеге асырылады; бұл ғылымның жетістіктері қылмыспен курес жүргізетін орындарға, солардың іс жүргізу барысында қолдануына арналған, әрі оның ұсынған жетістіктері адам құқығының бұзылмауына, заңға қайшылықтар тудырмаяға және заңның қатан орындалуына бағытталған. Жалпы заң ғылымдарының түрлі салалары: тергеу, жедел іздестіру, эксперttік және сот практикаларының қай-қайсысы да қылмыстық-процессуалдық тармақтың ішіндегі криминалистикамен тікелей байланысты. Сонымен катар, криминалистика заң ғылымдарының құрамдас бөлігі ретінде де, ез алдына жеке дара арнаулы сала болып та қылмыстық-құқықтық, қылмыстық-процессуалдық ғылымдармен, криминалогиямен, сот статистикасымен, сот медицинасымен, сот психиатриясымен, жедел-іздестіру қызметінің теориясымен өзара тығыз қарым-қатынасқа түсіп, ғылымаралық байланыстар жүйесінің тізбегін қурайды.

Криминалистиканың жетістіктерін қолдану арқылы заңдарды және қылмыстық сот жүргізуі реттейтін өзге де нормативтік материалдарды орындаудың, жүзеге асырудың тиімді механизмдерін орнықтыруға болады. Әрі криминалистикалық зерттеулердің нәтижесі қолданыстағы заңдардың жана, толықтырылған, анықталған, дәйектелген, өзгерілген нұсқасын жасауға да зор мүмкіндіктер береді. Мысалы мақала тақырыбына орай айтсақ, бұл ғылымның дамуы арқылы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіндегі адамды ұстаяу және тұтқындау барысында атқарылатын істердің тәртібін анықтайтын нормаларға да біршама жаңалықтар енгізуге болады. Өйткені бұл елімізде адам құқығының сақталуына кепілдік болады деп ойлаймыз. Қазақстан Республикасының ҚК 14-бабына сәйкес: «1. Осы Кодексте белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша болмаса, ешкімді де қылмыс жасады деген сезік бойынша ұстаяуға, қамауға алуға немесе өзгеше түрде бас бостандығынан айыруға болмайды. 2. Осы Кодексте көзделген жағдайларда ғана және қамауға алынған адамға сотқа шағымдану құқығын бере отырып, тек сottың немесе прокурордың санкциясымен ғана қамауға алуға және күзетпен ұстаяуға жол беріледі. Адам прокурордың санкциясынсыз жетпіс екінші сағаттан аспайтын мерзімге ғана ұсталуы мүмкін. Күзетпен ұсталмаған адамды сот-психиатриялық сараптама жүргізу үшін медициналық мекемеге мәжбүрлеп орналастыруға сottың шешімімен ғана жол беріледі. Күзетпен ұсталмаған адамды сот-медициналық сараптама жүргізу үшін медициналық мекемеге мәжбүрлеп орналастыруға сottың шешімі немесе прокурордың санкциясы бойынша жол беріледі».

Қамауға алынған адамның қылмыс жасағандығын толық дәлелдеу үшін криминалистикағылымы зерттейтін қылмыстың дайындалуының, жасалуының және ашылуының себептерін ескере отырып, істі қарастыру керек. Криминалистиканың техникалық-әдістемелік мүмкіндіктерін пайдалану қылмыстың толық және дер кезінде ашылуына, әрі нағыз қылмыскердің әшкереленуіне әкеледі. Жазықсыз адамның жауапқа тартылмауын, ал қылмыскердің де адам ретіндеңі құқықтарының бұзылмауын қамтамасыз ете алады деп ойлаймыз. Бұл халықаралық адам құқығын сактау стандарттарына сәйкес келеді, тек соның негізгі орындалуы барысы толықтыруларды қажет етеді. Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пактінің 9(1) бабында: «әр адамның бостандық және қауіпсіздік құқығы бар» деп жазылған. Сондай-ақ Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пактінде қауіпсіздік шарасы ретінде бір жеке тұлғаның екінші бір жеке тұлғанын немесе тұлғалардың тарапынан қол сұғудан азат болу құқығы сез етіледі. 9(1) бапқа сәйкес «ешкім де еріксіз тұтқында немесе қамауда ұсталуға тиіс емес» және «әркім өз бостандығынан тек қана зан негізінде және сол занда белгіленген рәсімге сәйкес айырылуы мумкін».

Әркімнің өзінің ұсталғанының немесе тұтқынға алынғанының себебін білуге құбы бар. Бұл оның ақпарат алу құқығы. КР ҚІК-де ұсталған адамды тез арада ұсташа негіздері, сондай-ақ ол

жасады деген күдік тудырған немесе айып тағылған қылмыстың зан жағынан қалай дәрежеленгені туралы хабардар етуге қатысты нормалар бар (14-бап). Сонымен қатар, ҚР ҚІК 26-бабына сәйкес «Қылмыстық процесті жүргізуші орган сезіктіге, айыпталушыға олардың құқықтарын түсіндіруге және олардың айыптаудан занмен тыйым салынбаған барлық құралдармен қорғану мүмкіндігін қамтамасыз етуге ... міндетті». ҚР ҚІК 27-бабына сәйкес «Ешкім өзіне, жұбайына (зайыбына) және жақын туыстарына қарсы айғактар беруге міндетті емес».

Қазақстандық заннаманың жоғарыда аталған нормалары жалпыға танылған халықаралық стандарттардың нормаларына сәйкес келеді.

Жарияланған нормалар мен бостандықтарды практика жүзінде қамтамасыз ету мен қорғау үшін жазылған нормалардың тиімділігі мен жеткіліктілігі қолданылатын практикамен тексерілетіндігі белгілі.

Сонғы жылдардағы келтірілген деректерге сүйенсек, «Қазақстандағы адамның құқықтары: қоғамдық пікір» жобасының шенберінде 1500 респондентке қойылған «Сіз тізбектелген институттардың Қазақстандағы адам құқықтарын қамтамасыз ету процесіндегі жұмысын қалай бағалайсыз?» деген сұраққа құқық қорғау органдары мен соттардың ішінде ішкі істер органдары неғұрлым төмен баға алған, барлық сұрақ берілген респонденттердің 30,7% полицияның құқық қорғау қызметіне теріс баға берген. Бұл ішкі істер органдарының кейбір лауазымды адамдарының құқықтық мәдениетінің төмендігі, адамның құқығын қорғау саласындағы элементарлық білімнің жоқтығы, олардың қызметіне жоғары тұрған органдар мен прокуратура тараپынан қадағалаудың, бақылаудың тиісті дәрежеде емес екендігін дәлелдейді.

Сотқа дейінгі ұстау кезеңінде адамның өмірі мен денсаулығына тиісті күзетті, ізгілікті қарым-қатынас құқығын қамтамасыз ету, бостандығы шектелген адамға азаптау мен басқа да қатыгездік қатынасты болдырмаудың тиімді тетіктерін құру қажет.

Ұсталған адамдарды азаптау мен қатыгездік қатынас жасауға тыйым салатын Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пактінің 7-бабы ажырамас санаттағы кәдімгі халықаралық құқықтың нормасы болып табылады. Азаптауға қарсы құқықтық нормалар 1984 жылы қабылданған БҰҰ-ның Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияға (әрі қарай – Азаптауға қарсы конвенция) бар. Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пактінің 10-бабында (1-тармағы) «бас бостандықтарынан айырылған барлық адамдар өздеріне деген адамгершілікті көзқарасқа және адам баласына тән қадір-қасиетінің құрметтелуіне құқылы» дедінген. Бұл ретте Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пактінің 7-бабындағы ұсталған адамдарға мемлекеттік органдар өкілдері тараپынан қатыгез қарым-қатынаска тыйым салатын азаптауға тыйым салудан өзгешелігі ол қамаудағылармен ізгілікті қарым-қатынас құқығы билікке тиісті міндеттемелер жүктейді. Бұл міндеттемелер қамаудағыларды ұстау мен олардың құқықтарын жүзеге асырудың ең төменгі стандарттарын сақтауды қамтамасыз етуді мақсат тұтады.

Адамның бостандығы мен жеке басына кол сұғылмауы құқығының шектелуі тұтқындау мен қамауда ұстау кездерінде басымырақ болуы мүмкін. Тергеу процесі барысында қылмыстық ізге түсі органдары қажетті жауаптар алу мақсатында күдіктілерге қысым көрсету әдісінің қолданылуы қазіргі қоғамда да қолданылып жүргенін жоққа шығаруға болмайды. Қазақстан азаптауға қарсы Конвенцияның мүшесі болып табылады. Дегенмен де 2009 жылғы БҰҰ Азаптауға қарсы комитетінің есебінде жазылғандай 16 ұсынымының ішінен Қазақстан Республикасының 2001 жылы осы Конвенцияны орындауы туралы бастапқы баяндамасын қарау нәтижесі бойынша Қазақстан тек үшеуін ғана орындаған, соның ішінде қылмыстық заннамаға азаптау қылмысы туралы ұғымды енгізген. ҚК 347-1-бабына сәйкес азаптау деп тергеушінің, анықтауды жүргізуші адамның немесе өзге лауазымды адамның қиналушыдан немесе үшінші адамнан мәліметтер алу немесе мойыннату, не оны ол жасаган немесе жасады деп күдік келтірілген іс-әрекет үшін жазалау, сондай-ақ оны немесе үшінші адамды кез келген сипаттағы кемсітүге негізделген кез келген себеп бойынша қорқыту немесе мәжбүр ету мақсатымен әдейі тән зардабын және психикалық зардап шектіруі мойындалады.

Осы аталған зан бұзушылықтарды болдырмау үшін елімізде криминалистика ғылымының қарқынды дамуы, оның әлемдік тәжірибелермен молайып, толығып, баюы аса қажет іс болып табылады. Тергеу барысында, іс жүргізу процесінде аталған ғылымның жетістіктерін барынша

---

кенірек қолдану арқылы ғана істің толық айқын шешілуіне, адам құқығының бұзылмауына мүмкіндітер тууы анық.

Тұтас алғанда, жұмысты қорытындылай келе, адам құқығын қорғау мәселелеріне қатысты, сонымен қатар осы мәселемен қриминалистиканың байланыстылығын сараптай келе түйгөніміз: біршама ілгерілеуге қарамастан, Қазақстан Республикасының құқық қорғау тетіктегі елеулі түзетулерді қажет етеді деп айтуға болады. Адам құқықтары саласындағы түйінді мәселелердің шенберінде мемлекеттік құқық қорғау органдарының қызметі оны шешуге бағытталуға тиіс. Сондықтан, бүгінгі күні атқарылып отырған шаралар еліміздегі біртінде жүзеге асырылып келеді. Адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудегі және қорғаудағы барлық дәрежедегі жағдайлар заңнамалық, институционалдық, атқарушылық және бақылау тетіктегін жетілдіруге бағытталып отырғаны да соған дәлел.

#### ӘДЕБИЕТ

- 1 Қазақстан Республикасы Құқықтық іс жүргізу кодексі.
- 2 Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пакті.

*G. Musakhanov*

#### КРИМИНАЛИСТИКА В АСПЕКТЕ СОБЛЮДЕНИЯ ПРАВ ЧЕЛОВЕКА

Рассматриваются аспекты совершенствования правовой среды через призму усиления правозащитных механизмов, в частности, криминалистических знаний, которые влияют на верховенство закона и защиты прав и свобод всех и каждого. Автор пытается доказать, что усовершенствования криминалистических методов: внедрение современных возможностей вещественных доказательств, тактические приемы производства следственных действий, следственных ситуаций, тактических операций, применение новых технических средств расследования преступлений помогут соблюдению прав человека.

*G. Musakhanov*

#### CRIMINALISTICS IN ASPECT OF OBSERVANCE OF HUMAN RIGHTS

In article aspects of perfection of the legal environment through a prism of strengthening of remedial mechanisms, in particular, criminalist knowledge which will affect leaderships of the law and protection of the rights and freedom of all and everyone are considered. The author tries to prove that improvements criminalist methods: introduction of modern possibilities of material evidences, tactical receptions of manufacture of investigatory actions, investigatory situations, tactical operations, application of new means of investigation of crimes will help observance of human rights.